

**Қазақ тілі оқытушысының 2022 - 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : ЖШС "Зейінді бала" балабақшасы

Топ: «Балапан» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3-4 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Қазақ тілі	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауды, сондай-ақ, осы сөздерді дұрыс айтуды және еске сақтауды; қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету; Артикуляциялық аппаратты дамыту. Сөздік қор: 1) күнделікті өмірде жиі қолданылатын жеміс атауларын білдіретін сөздерді дұрыс айту және мағынасын түсіну дағдыларын қалыптастыру; Тілдің грамматикалық құрылысы: 1) сөздерді және өзара байланыста тұрған сөз таптарын білдіретін сөздерді (зат есімдер мен сын есімдер, зат есімдер мен етістіктер) түсінуді үйрету; 2) жай сөйлемдер құрастыруды үйрету. 3) қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету (Бұл кім? Бұл не?).</p>